

Б.Қ. Момынова¹, М.А. Имангазина²

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, 050063, Қазақстан Республикасы

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, 050038, Қазақстан Республикасы

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДЫҢ АУДАРМАСЫ: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

«Абай жолы» роман-эпопеясы – қазақ халқының тұрмысы мен тарихынан мол дерек беретін лингвистикалық мәдени құндылығы жоғары көркем шығарма. Роман XX ғасырдың екінші жартысынан бастап аударыла бастады, әлі де әлемнің көптеген тіліне аударылып жатыр. Алайда шығарманың аудармалары түпнұсқа, яғни қазақ тілі арқылы емес, дәнекер тіл – орыс тілі арқылы тәржімаланған. Екіншілік аударма барысында түпнұсқадағы автор идеясы ғана емес, мәтіннің көркемдік қуаты және тілдік, танымдық ерекшеліктері сақталуы – даулы мәселе. Сол себепті «Абай жолы» романындағы тілдік бірліктердің аудармасын лингвистикалық тұрғыдан талдау зерттеудің өзектілігін танытады.

«Абай жолы» романындағы автордың ой-мақсатын жеткізуде, ұлттық мәдениетімізді бейнелеуде маңызды рөл атқарып тұрған бірліктердің бірқатары – бейвербалды амалдар. Шығармадағы паралингвистикалық құралдардың аудармасы шығарма мазмұнының толық ашылуына, оқырман қабылдауы мен бағалауына тікелей әсер етеді. Сондықтан зерттеудің мақсаты – роман-эпопеяның орыс тіліндегі нұсқасындағы бейвербалды амалдардың аударылуын басты назарға ала отырып «Абай жолы» дәуірнамасының жалпы аудармаларының мәдени-тілдік құндылығын айқындау.

Зерттеу нәтижесінде ым-ишараттардың аударылмаған тілдік бірліктер (лакуналар), сөзбе-сөз аударылған тілдік бірліктер, сәтті аударылған тілдік бірліктер, теңестірілген тілдік бірліктер, еркін түрде аударылған тілдік бірліктер, жартылай аударылған тілдік бірліктер сынды алты түрлі жолмен аударылғаны анықталып, мысалдармен дәйектелді. Сондай-ақ «күлу» етістігіне қатысты кинемалардың орыс тіліндегі баламаларына семантикалық талдау жасала отырып, тілдік емес құралдарды аударудағы қиындықтар мен мағыналық ауытқулар көрсетілді.

Кілт сөздер: аударма, бейвербалды амалдар, «Абай жолы» роман-эпопеясы, орыс тілі, түпнұсқа мәтін, аударма мәтін, кинема, көркем мәтін, көркем аударма, мәдениетаралық коммуникация

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Бейвербалды амалдар – кез келген халықтың қатысым мәдениетінде тілмен (сөйлеумен) қатар қолданылатын коммуникацияның басты бірлігі. Параэлементтер коммуникативтік актіде ғана көрінетін бірліктер емес, сонымен қатар вербалдану арқылы сөз, фразеологизм, метафора түрінде де көрініс табады. Көркем мәтінде жазушы шығарманың эмоционалды-экспрессивтік реңін күшейтіп, кейіпкерлері мен оқиға желісін «тірілту» үшін қолданатын бірден-бір тәсіл – «тілдік емес құралдарға тіл бітіру». Шығармадағы паралингвистикалық құралдар тек түпнұсқа мәтінде ғана емес, аударма мәтінде де қызметі мен қуатын жоғалтпауы аса маңызды. Бұл басқа халықтардың оқырман ретінде шығарманы қабылдауы мен бағалауына, шығарма мазмұнының толық ашылуына, автор идеясы мен прагматикасының дұрыс жеткізілуіне және ең бастысы шығарманың «ұлттық», «халықтық» сипатын сақтауына тікелей әсер етеді. Қазақ әдебиетінде бейвербалды амалдар мейлінше мол көрініс тапқан әдеби шығарма ретінде «Абай жолы» роман-эпопеясының орны бөлек.

«Абай жолы» романын тілдік тұрғыдан алғаш зерттеген Е.Жанпейісов: «Абай жолы» – әдебиеттің ғана емес, аса бағалы тіл ескерткіші де болып табылады. Онда қазақ тілінің

*байлығы, сарқылмас мүмкіншіліктері, ғасырлар бойына қалыптасқан сөздік қорының арғы-бергі қат-қабаты барынша мол қамтылған. Төрт кітаптан тұратын бұл шығармада осы күнгі сөздіктерде кездесе бермейтін де тіл құбылыстары жиі ұшырайды... Әр тарауы этнографиялық жағынан бас-аяғы бүтін жеке-жеке ғылыми еңбек десе де болады, [1, 8] – деп шығарманың сөздік қоры аса бай екенін және оның тілтанушылар тарапынан зерттелуінің маңыздылығын атап өтеді. Ғалымның жоғарыдағы тұжырымы 1976 жылғы еңбегінде берілсе, содан бері қарай (1976 жылдан бері қарай) көркем мәтіннің әдеби-лингвистикалық ерекшеліктерін назарға алған зерттеулер қатары көбейді. «Абай жолы» әдебиеттану тұрғысынан М.Байтанаевтың «М.Әуезовтің «Абай жолы» романының көркемдік ерекшеліктері» зерттеу еңбегінде жеке қарастырылса, шығарма мәтінінің прагматикалық ерекшеліктері «Қазақ көркем проза мәтіндерінің прагматикалық әлеуеті» докторлық диссертациясында ішінара талданған, одан бөлек бірқатар магистрлік диссертациялар мен ғылыми мақалалар бар. Алайда антропоэлекті бағыт басты ғылыми парадигмаға айналған заманауи лингвистикада тілді өз ішінде, яғни интралингвистикалық тұрғыда ғана емес, басқа тілдермен байланыста – интерлингвистикалық бағытта зерттеу аса маңызды. Тіларалық зерттеулердің бір бағыты аударма мәтіндерді нысанға алады. *Көркем аударма басқа тілдің амалдарымен шығарманы екінші тілдің құралдарымен қайта жасау болып табылады. Ал енді бұл аудармалардың сапасы, салмағы т.б. түрлі қасиеттері деген мәселенің бәрін көркем аударманың теориясы тексеруге тиіс* [6, 7]. Осы орайда көркем мәтіндегі қазақ халқына тән бейвербалды амалдардың басқа бір мәдениетте берілуін, яғни, аударылу деңгейін бағамдау үшін «Абай жолы» романының орыс тіліндегі аудармасы зерттеу дереккөзі ретінде алынды.*

KIPICPE

Көркем шығарма тіліндегі бейвербалды амалдарды талдауда туындайтын ең бірінші қиындық – эмпирикалық материалды іріктеп алу. Әр ғылым саласы бейвербалды амалды өз қырынан, өзіндік концепциясы тұрғысынан зерттейтіндіктен, барлығына ортақ теория немесе нақты анықтама жоқ. Атап айтсақ, бірқатар паралингвистер семиотикалық таңбаларды коммуникацияға қатысатын көмекші элемент деп санайды. *«Тыныс белгілері де бейвербалды құралдардың бір түрі болып табылады. Көркем әдебиетте автор көбінесе олардың көмегімен белгілі бір ақпаратты жеткізеді, сөйлеушінің дауысын сипаттайды, сезімдердің реңктерін және кейіпкерлердің психологиясының өзгеруін бейнелейді»* [2] – дей келе олардың қатарына көркем мәтіндегі тыныс белгілерді де қосады. Автор тыныс белгілерді шығарманың эмоционалды бояуынын айшықтау үшін прагматикалық тұрғыда қолданады. Алайда «коммуникацияның бейвербалды амалдары» мен «семиотикалық таңбалар» графикалық жақтан да, семантикалық жақтан да тең дәрежелі бірліктер емес.

Көркем мәтінде кездесетін түрлі артефактілерді, кеңістіктегі заттарды, кейіпкерлердің киім киісі, шаш үлгісі, әшекей бұйымдарын да әдеби шығармадағы параэлемент қатарына кіргізу қажет деген ұстаным бар. Бұл пікірді қолдайтын зерттеушілер *«Киім денені жабу және жылууды сақтау қызметін ғана атқармайды, сонымен қатар мәдени маңызға ие. Киім киісі адамның жағдайын, мәртебесін және қаржылық әлеуетін т.б. көрсетіп тұрады»* [2] дей келе, киім арқылы берілетін қосымша ақпаратқа мән беру керек деп есептейді. Сондай-ақ, *«Ұлттық сипаттағы бейвербалды құралдарға біз әлеуметтік маңызы бар заттарды, бұйымдарды, "мәдени нышандарды": киімдерді, автомобильдерді және көлік жүргізу тәсілдерін, арнайы жол белгілерін, беттегі бояуды және т. б. – субъект туралы белгілі бір мәдени ақпаратты арқалайтын барлық артефактілерді жатқызамыз»* [3] деген тұжырымнан ұлттық колориті мол бұйымдардың символдық мәні назарға алынғаны аңғарылады. Қазақ халқында Қожанасыр туралы әңгімеде тойға жұпыны киініп келген Қожанасырды ешкім елемейтіні, кейін шапанын киіп келгенде, бәрі асты-үстіне түсіп қарсы алатыны айтылады. Сонда Қожанасыр дастарханға отырып, тамаққа шапанын малады. Бұған таңқалған үй иесіне шешен «сен кісіні емес, киімді сыйлайды екенсің, сондықтан шапаныма

тамақ жегізіп отырғаным» деп жауап береді. Бұл ел ауызында жүрген сөз болса да, жоғарыда аталған ұстанымды дәйектей түседі.

Айналадағы түстердің де бейвербалды мағынаға ие екені паралингвистер назарынан тыс қалмаған: *«Киімнің түсі ұлттық-мәдени ерекшелік үшін аса маңызды. Халықтың танымындағы жағымды түстер мемлекеттік туды көрініс табады деп есептеледі»* [3] деген тұжырымда артефактінің өзі ғана емес, оның түсі де бейвербалды хабарды жеткізудің бір жолы екені көрсетілген.

Бейвербалды амалдарды бұлай кең ауқымда қарастыру аталған жүйенің қаншалықты күрделі және заманауи көзқарастар тұрғысынан әлі де зерттелуі қажет екенін аңғартады. Дегенмен тыныс белгісі, киім, аксессуар, түс секілді ұғымдар мен таңбаларды семиотиканың аясында символ ретінде қарастырып, адамдар арқылы *коммуникацияға тікелей қатысатын тілдік емес бірліктерді* бейвербалды амал деп сипаттаған жөн. Осы орайда *«Мәтіндегі қандай тілдік бірліктерді бейвербалды амалдың вербалданған түріне жатқызамыз?», «Олардың мазмұн межесі мен тұрпат межесі қандай болу керек?»* деген сынды сұрақтарға жауап беріп өту қажет:

Біріншіден, «жеке адамға тән физиологиялық ерекшеліктер бейвербалды амалдарға жатпайды. Мұндай дағдыны тілді тұтынушы қоғам тұтас қолданбайтындықтан, адамның физикалық күйіне жатқызылады, паратілдік жүйеге қойылатын өлшем-белгілерге, талаптарға жауап бермейді» [4, 19]. Мысалы «Абай жолы» романындағы *«Кейде маңдай терісін жиырыңқырап, екі көзін жұмып сөйлейтін әдеті бар»* [5, 122] деген үзіндідегі *маңдай терісін жиырыңқырап, екі көзін жұмып* деген қатарды бейвербалды амалға жатқызбаймыз. Себебі бұл – шығарма кейіпкеріне тән физиологиялық ерекшелік: ол амалдың артында ешқандай семантика жасырылмаған, коммуникативтік актіде белгілі бір мәнділікке ие болып тұрған жоқ.

Екіншіден, ешқандай қосымша ақпараты жоқ жай ғана «қарау», «күлу», «тұру» секілді қимыл-әрекеттерді атаушы сөздер бейвербалды амал емес. Мысалы, *Әпкеме айтайыншы, – деп, тағы бір жас қатын, жеңге де үлкен үйге қарай ұмтылысқан* [5, 9] сөйлеміндегі *ұмтылу* әрекетінің мағынасы хабар беруге асығу екені түсінікті. Алайда амалдың нақты қалай орындалғаны анық емес, *ұмтылу* жүгіру де, шапшаң жүру де болуы мүмкін. Сондықтан амал-әрекеттің нақты сипаты көрсетілмеген құрылымдар паразэлемент болып саналмайды.

Үшіншіден, адамның ішкі күйін білдіретін, алайда оның сыртқы көрінісі мәтінде берілмейтін тілдік бірліктер (*ұялу, ренжу, ашулану* т.б.) де зерттеу нысаны бола алмайды. Мысалы, *«Баладан қорыққанына Жұмабай ұялды да, ыза болды»* [5, 5] деген үзіндегі *ұялу, ыза болу* кейіпкердің ішкі күйін білдіріп тұрғанымен, жазушы оның сыртқы сипатын (*беті қызару, қабағы түйілу* т.б.) көрсетпеген. Алайда ағылшын паралингвистикасында аталған етістіктер «коммуникация етістіктері» деп аталады әрі көркем мәтіннің бейвербалды құралдарының бірі саналады. Зерттеушілер *«Қарым-қатынас етістіктері ағылшын тіліндегі өте үлкен топ болып табылады. Олар коммуникативтік актіде әрі вербалды, әрі бейвербалды семантиканы қамтиды»* [6] дей келе, олардың қатарына *ask, tell, answer, say, nod, wink, smile* (*сұрау, әңгімелеу, жауап беру, бас изеу, көз қысу, күлу*) сынды етістіктер жататынын айтады.

Жоғарыда аталған ерекшеліктерді ескере келе шығармадан бейвербалды амалдардың төрт тобы іріктеліп алынды:

1) Просодикалық амалдар дауыс пен дыбыстың түрлі өзгерістері арқылы қосымша ақпарат береді: *аз тоқтап, қатты зекіп, қатты сөйлеп, сыбырлай күбірлеп, ашық дауыспен, дауыстап алды, күбір етіп, күңк етіп, қатты әмір етіп, зіркілдеп сөйлеп, ұрыса сөйледі, ақырын дауыспен, қатты ақырып, арс-арс етіп, сыбырмен, сыбырлап, саңқ етіп, қатты ұрсып* т.б.

2) Проксемикалық амалдар коммуниканттардың кеңістіктегі орны мен орналасуына қарай прагматиканы көрсетеді: *қатар тұр екен, дәл қасына, төрге, от басына, аттылардың қалың ортасында, екі жағында, алға салып, оңды-солын, ортасында, артынан* т.б.

3) Кинесикалық амалдар сөйлеушінің бет-жүзіндегі, дене қалыбындағы түрлі өзгерістер арқылы берілетін қосымша ақпаратқа негізделеді: *қабағын бір шытып, қозғалақтап қалды, ырғалып қалысты, қолын сілікті, қадалып қалды, тепсініп* т.б.

4) Такесикалық амалдар коммуниканттардың бір-біріне жанасуы арқылы берілетін түрлі бейвербалды кодтарды қамтиды: *мойнынан құшақтай алып бетінен сүйді, қойнына жабыса түсіп, кеудеден қойып қап, жұлқып қалып етпетінен салып, маңдайынан ұзақ иіскеп, маңдайына алақанын қойып, қысып, бауырына басып, арқаға қағып, жақтан тартып-тартып қалды, қойып-қойып жіберді, бетінен, мұрнынан қайта-қайта сүйді* т.б.

Мысалдарда берілген тілдік бірліктердің ішінде «мәнмәтіндік бейвербалды амалдар» кездеседі. Олардың ерекшелігі өзі қолданылған үзіндіде ақпараттық, прагматикалық мәнге ие болып, мәтіннен тыс, жеке лексема күйінде номинативті мағынасын сақтайды. Мысалы, «Сүйіндікке қадалып отырған жалғыз көзін енді төрдегі Байсалға аударды. Одан өзінің **оң жағында** отырған Бөжейге қадалды» деген сөйлемде **оң жағында** тіркесі – проксема. Себебі Бөжейдің Құнанбайдың оң жағында отыруы оның қоғам алдындағы, Құнанбай алдындағы абыройын, билікке ие, сөзіне ел тоқтайтын кейіпкер екенін танытып тұр. Алайда мәтіннен тыс **оң жақ** – жай ғана бағытты, орынды білдіретін атау.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Тіл білімінде бейвербалды амалдарды қарастыратын антропоэлекті бағыттағы сала *паралингвистика* деп аталады. Профессор Б.Моминова: «*Паралингвистика лингвистикалық жүйеде өз орны бар, көмекшілік қызмет атқаратын, сонымен қатар тілдік емес құралдардың нақты бір сөйленіс кезіндегі жұмсалымдық қызметін, мағыналық жақтан түрленімін зерттейтін, функционалды сала*» [4, 34] деген анықтама береді, яғни бейвербалды амалдар дегеніміз:

- коммуникацияның көмекші құралы;
- көркем шығарма тіліне экспрессия беруші негізгі элемент;
- кез келген ұлттың танымын жеткізе отырып, әлемнің тілдік бейнесін жасаудың құралы;
- адамның түрлі көңіл күйі мен эмоционалдық жағдайын білдіретін параэмотивті элемент.

Паралингвистика, соның ішінде бейвербалды коммуникация туралы алғашқы ғылыми түсініктер ХХ ғасырдың 40-50 жылдары пайда болып, зерттеу нысанына айналды. Шетелдік мәдениеттанушы, антропологтар Рей Бердвистел, Эдвард Хол «бейвербалды коммуникация» ұғымын енгізсе, Дэвид Льюис, Давид Мак Неил, Лежер Броснахан, Адам Кендон, Роберт Соммер сынды ғалымдар тобы бұл тақырыптың адам өміріндегі маңызын тереңірек қарастырған. Сонымен қатар мәдениетаралық коммуникациядағы тілдік емес құралдардың қызметі орыс тіл білімі мамандары мен психологтары И.Н. Горелов, В.Ф. Енгальчев, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, Н.И. Формановская, И.А. Зимняя еңбектеріне арқау болған.

Көркем әдебиеттегі бейвербалды құралдардың қызметі туралы толыққанды зерттеулер ХХ ғасырдың 80-жылдары канадалық антрополог Фернандо Пойятос Фустердің «*Nonverbal Communication across Disciplines*» атты 3 томдық еңбегінен бастау алады. Еңбектің кіріспесінде ғалым көркем мәтіндегі бейвербалды амалдарға не себепті қызығушылық танытқанын былайша түсіндіреді: «*Бейвербалды коммуникация жүйесін зерттеп жүріп ақырындап көркем мәтіндегі бейвербалды амалдардың сипатын зерттеуге ойыстым. Бұған біраз жылымды арнадым. Сонда байқағаным – бейвербалды амалдардың көркем шығармаға келгенде мүлде түрленіп кететіні, оның әу бастағы қызметінен ауытқитыны*». Сондай-ақ Фернандо Пойятос көркем мәтіндегі бейвербалды амалдардың аударылуы мәселесін «*Мәтін аудармасы мен жанды аударма: Әдебиет, театр және кинодағы бейвербалды коммуникацияны зерттеу тәжірибесінен*» («*Textual Translation and Live Translation: The total experience of nonverbal communication in literature, theater and cinema*») атты монографиясында сөз етеді.

Аталған еңбектердің зерттеу бағытын негізге ала отырып «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тілдік материал, яғни вербалданған бейвербалды құрылымдар семантикалық, стилистикалық әдістер арқылы талданды. Аударма және түпнұсқа мәтіннің эквиваленттілігін анықтау үшін аудармаларды салыстырмалы талдау әдісі қолданылса, аударма ерекшелігін анықтау мақсатында баламалар топтарға біріктіріліп синтезделді.

Зерттеуде негізге алынып отырған роман-эпопеяның 1942 жылы жарық көрген бірінші кітабы, 1947 жылы шыққан екінші кітабы «Абай» деп аталған. Ал үшінші кітап 1950 жылы «Ақын аға» деген атпен жарық көреді де, жазушы жұртшылық пікірін ескеріп, жаңадан түзеп, редакциялап 1952 жылы қайтадан «Абай жолы» деген атпен шығарады. Төртінші кітапқа да осы ат беріліп, эпопея түгелдей «Абай жолы» аталып кетеді. Дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған шығарма ең алғаш орыс тілінде жарық көрді. Эпопеяның орыс тілінде баспаға шығуы 1940 жылдан басталды. Л.Соболев аудармасымен «Дала жырлары» жинағында «Татьянаның қырдағы әні» тарауы жарияланған. 1945 жылдан бастап эпопеяның толық және жеке тараулары одақтық журналдарда, кейін кітап түрінде баспалардан жыл сайын шығып тұрды. Орыс тіліне тәржімалаған аудармашылары – А.Никольская, Т.Нұртазин, Л.Соболев, Н.Анов, З.Кедрина. Шығарманы тәуелсіздік жылдары белгілі жазушы Анатолий Ким орыс тіліне қайта аударды. Қазіргі таңда екі аударма да кең таралған. Зерттеу жұмысымызда бригадалық жолмен аударылған алғашқы нұсқасы назарға алынып отыр. Себебі аударма теориясы үшін авторизацияланған, яғни шығарма авторы тікелей қатысқан аударма ретінде тұңғыш аударманың құндылығы жоғары. Сондай-ақ орыс тіліне ең бірінші болып аударған Леонид Сергеевич Соболев жазушының жақын досы болғанын, екеуі бірлесіп «Дала жыры» атты қазақ әдебиетінің антологиялық жинағын құрастырғанын, «Абай» трагедиясын жазғанын да ескеру керек. Жазушы, сыншы Темірғали Нұртазин, Анна Борисовна Никольская М.Әуезовпен алғашында Ленинградта студент кездерінде танысып, кейін «Қыз жібек» эпосын аудару жұмыстары кезінде жақын араласып, достық, шығармашылық қарым-қатынаста болған. Шығарма авторы мен аудармашылары арасындағы шығармашылық байланыс, үздіксіз ізденіс нәтижесінде дүниеге келген тұңғыш аударма әдебиеттанушы, сыншы ғалымдар тарапынан да жоғары бағаға ие.

НӘТИЖЕЛЕР

Көркем шығармадағы бейвербалды амалдар – ұлттың психологиялық, танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік ерекшеліктерінің тілде вербалдануының нәтижесі. Әр халықтың әлемді тануы басқалардан бөлек болатыны секілді сол танымды тілде бейнелеу жолы да ерекше болмақ.

Адамзат қарым-қатынасында ым-ишарат, көзқарас, үн мен үнсіздік, дауыс ырғағы сынды бейвербалды амалдардың алатын орны зор. Мұндай бейвербалды амалдардың ұлттық сипаты, мәдени ерекшелігі басым болады. Сондықтан әртүрлі мәдениет өкілдерінің түсінісуі қиынға соғады, әркім оны өзінше интерпретациялап, басқа мағынада ұғуы мүмкін [12]. Бұл тілдік емес құралдарды қабылдаудағы бірінші қиындық болса, аударуда туындайтын екінші бір мәселе – екі тілдегі сәйкес бірліктердің аздығы және сәйкес баламаның болмауы. «Абай жолы» романының орыс тіліндегі аудармасы мен түпнұсқасындағы тілдік емес құралдардың баламалары арасындағы алшақтық осы ойымызды дәлелдей түспек. Мысалы шығармадағы «күлуді» білдіретін кинесикалық амалдарды аударуда бірқатар сәйкес емес тұстарын көруге болады:

1-кесте. «Абай жолы» романындағы «күлу» кинемасының қазақ және орыс тіліндегі көрінісі

№№	Түпнұсқа	Орыс тіліндегі баламасы	Аударма тілдегі паразэлементтің мағынасы
11	-Абай сен де жүр!.. Атаң ғой, атаңа сәлем бер, - деп мысқыл еткендей сылқ-сылқ күлді [5, 98].	-Абай, иди и ты тоже! Он же тебе тесть, отдай тестю салем! – и он иронически усмехнулся [7, 99].	Усмехнуться. Слегка засмеяться (обычно с насмешкой, недоверчиво) [8].
22	Қараса, бұның шоқпарын тартып ап, ақ боз аттың алдынан көлденең шығып, қазір шексілесі қатып, үнсіз күліп тұрған бағанағы шәкірт бала [5, 5].	Не мерещится ли ему? Перед ним на коне — мальчик!.. Так вот кто налетел на него, отобрал шоқпар, остановил коня и теперь заливается смехом, не в силах вымолвить слова [7, 5].	Заливаться смехом. Смеяться громко, с перекатами голоса [8].
33	Жаңағы даурықтардың бәрін естіп, тоқыраған Шөженің өзі. Ол қатты, ашық дауыспен қарқылдап, сүйсіне күлді [5, 109].	Услышав пререкания, Шоже остановился. Он громко рассмеялся, голос у него был звучный, ясный [7, 109].	Громко смеяться. Начать сильно смеяться. Р. в глаза кому-н. (ответить смехом) [8]. (Сүйсіне сөзі аударылмай қалған. Бұл сөз эмоцияға жағымды реңк беріп тұр.)
44	Бала топтан шыға бергенде, Айғыз күліп: - Пай, жаман қатындар сілекейлеп, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау, - деп паңдана күлді де , Абайды көзінен сүйді [5, 11].	— Ну вот, всякие грязнули заслонявили все лицо нашему мальчику, и поцеловать некуда! — И она с высокомерной усмешкой поцеловала Абая в глаза [7, 38].	Усмешка. Улыбка, выражающая насмешку или недоверие, насмешливое движение рта [8].
55	Үлкендер ақырын мырс-мырс күліп қойды [5, 15].	Старики рассмеялись [7, 42].	Рассмеяться. Начать сильно смеяться [8].
66	Дағдылы қорқақтығы, Құнанбайға қарсы шаба алмайтын ежелгі маймақтығы» деп, мырс етіп, мұрт астынан күліп қойды [5, 72].	«Трусит по обыкновению, — подумал он. — Как всегда, слаб волей и боится Кунанбая...» И он едва заметно усмехнулся [7, 76].	Усмехнуться. Слегка засмеяться (обычно с насмешкой, недоверчиво) [8].
77	Абай әлгі де қысылмай, күле қарап Майбасарды мысқыл еткендей мырс етті де, арт жағында тұрған домбыраны алып, даңғылдатып тарта бастады [5, 85].	Но Абай и тут не смутился . Он ответил Майбасару насмешливой улыбкой , взял домбру, стоявшую за его спиной, и начал молча наигрывать [7, 116].	Улыбка. Мимика лица, губ или глаз, показывающая расположение к смеху или выражающая привет, удовольствие либо иронию, насмешку [8].
88	Абай күлместен, мысқылдай қарайды [5, 13].	Но Абай по-прежнему оставался невозмутимо серьезным, и только в глубине его глаз притаился добродушный смешок [7, 40].	Смешок. Короткий, не сильный смех [8].
99	Оспан оның тітіркенгеніне мәз болып , әкесін ұмытып сақылдап күліп: - Бақа! Бақа салып жібердім көйлегіңе, - деп, Абайды бұрынғыдан да жаман тітіркендірді [5, 16].	А Оспан, забыв о присутствии отца, покатываясь со смеху , закричал: — Лягушка! Я посадил ему за ворот лягушку! Абай забарахтался еще больше [7, 43].	Покатываться со смеху. Громко, безудержно смеяться, хохотать [8].

1-кесте

Қазақ көркем мәтіндерінде кейіпкер эмоциясын көрсетуде **мырс ету** етістігі көп қолданылады. Күлкінің бұл түрі қазақ танымына тән ерекшелік деуге болады. Кестеде берілген *бесінші, алтыншы, жетінші* мысалдардағы **мырс ету** кинемасын аударма авторы үш мәнмәтінде үш түрлі аударған. *Дағдылы қорқақтығы, Құнанбайға қарсы шаба алмайтын ежелгі маймақтығы» деп, мырс етіп, мұрт астынан күліп қойды* [5, 72] деген мысалдың аудармасында **мырс ету** кинемасы мүлдем аударылмаған. Ал аудармадағы *едва заметно усмехнулся* деген тіркес **мұрт астынан күлу** тіркесіне балама болып тұр. Жетінші мысалдағы

мысқыл еткендей мырс етті деген бөлік аударма тілде *насмешливой улыбкой* болып біртұтас амал ретінде көрініс тапқан. Алайда бұл баламада *мырс ету* амалына тән мағыналық ерекшелік айқын көрінбейді. Бесінші мысалдағы *мырс-мырс күліп қойды* кинемалары аударма мәтінде ешқандай экспрессивті реңкін сақтамай, қатты күліп жіберуді білдіретін *рассмеялись* сөзімен баламаланған. Екі ұғымның мағынасында контраст бар: «*Үлкендер ақырын мырс-мырс күліп қойды*» сөйлемінде эмоция жасырын сипат алса, «*Старики рассмеялись*» деген аудармасында ашық жарқын эмоция білінеді. Сондай-ақ *мырс етуге* тән *кекету*, *болымсыз күлу*, *естілер-естімес түрде күлу* деген секілді семантикаларды орыс тіліндегі *рассмеялись* сөзі толық жеткізе алмайды.

Төртінші мысалда *паңдана күлді* кинемасы *с высокомерной улыбкой* деп аударылған. Бұл аудармада параамал өзінің сипатын толық өзгерткен. Себебі *күлу* кинемасы кезінде беттің барлық бұлшық еттері қозғалып, эмоция дауыс арқылы сыртқа шығады. Ал *улыбка (жымию)* – ол жай ғана езу арқылы орындалатын күлуге қарағанда қарапайым кинетикалық амал. Мәнмәтіндегі *паңдана* сөзі *с высокомерной* түрінде мағынасы жуық (бірақ толық сәйкес емес) лексема арқылы аударылса, екінші компоненттің (*күлу – улыбка*) аударма мәтінде эмоциялық бояуы солғындап қана қоймай, толықтай басқа кинемаға айналған.

Керісінше, екінші мысалдағы *шексілесі қатып, үнсіз күліп тұрған* деген параамалды аудармашы орынды аударған деп баға беруге болады. Орыс тіліндегі *заливается смехом, не в силах вымолвить слова* деген балама түпнұсқадағы эмоцияны толық көрсетіп тұр. Әрі мағыналық жағынан, әрі құрылымдық жағынан аударма орыстілді оқырман үшін түсінікті, қабылдауына жеңіл. Дәл осылай қазақ тіліндегі метафорланған бейвербалды амалдарды орыс тіліндегі мағынасы сәйкес келетін және эмоциялық әсері жоғары тұрақты метафоралы қолданыстармен баламалау аударма мәтіні үшін сәтті шешім болмақ.

Аударма тілде көркемдік қуаты жоғары баламасын дәл тапқан кинема түрі ретінде соңғы мысалды айтуға болады: *сақылдап күліп – покатываясь со смеху. Покатываться со смеху* – орыс тілінде кең таралған, әсіресе көркем шығарма тілінде жиі кездесетін және түпнұсқадағы сөздің эмоциялық бояуы мен мағынасын толық жеткізіп тұрған метафоралы қолданыс, сәтті аударма.

Шығарма мәтініндегі бір ғана «күлкі» кинемасына қатысты бейвербалды амалдардың аудармасына талдау жасау арқылы тілдік емес құралдарды аударудың қаншалықты күрделі екені, барлық мағыналық реңкін аудармада беру мүмкін емес екені аңғарылды. Көркем мәтінге тән образдылық, көркем мәтіндегі тілдік біріліктерге тән ұлттық ерекшелік, күрделі семантикалық құрылымды сақтай отырып аудару аудармашыдан кәсіби біліктілікті ғана емес, жазушылық шеберлікті, жоғары тілдік құзыреттілікті, түпнұсқа мәтін жазылған тіл мен мәдениетке тән ерекшеліктерді тани алатын терең білімді қажет етеді деген қорытындыға келуге болады.

ТАЛҚЫЛАУ

Көркем мәтін аудармасының эквиваленттілігіне қатысты аударма ғылымында екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Ғалымдардың бір тобы *шығарманы аударған кезде аудармашы автор позициясына еніп, түпнұсқаны өзгертіп жеткізуге құқылы* [9, 47] деп есептесе, енді бірі *аударма мәтіннің аударма екені көрініп тұруы керек* [13, 32] деген пікірде. Біз аталған екі пікірді саралай келе, көркем мәтін аудармасы дегеніміз – көркемдігі, образдылығы барынша сақталған, алайда шығарманың мазмұны, тілдік бірліктерінің мән-мағынасы басты назарға алынған туынды деп тұжырымдадық. Сол себепті аударманың ең басты талабы – түпнұсқаға жақын болуы, мазмұндық ауытқушылықтың болмауы.

В.Н. Комиссаров аударма түпнұсқаға барынша сәйкес болу үшін бес маңызды бөлігі сақталуы керек дейді:

- 1) Коммуникацияның мақсаты;
- 2) Жағдаят;
- 3) Жағдаятты суреттеу тәсілі;

4) *Синтаксистік құрылымның мағынасы;*

5) *Сөз семантикасы* [9, 55-56].

Шығыс мәтін мен аударма мәтіннің эквивалент сапасына байланысты Я.И.Рецкер баламалардың 4 түрін көрсетеді:

1) толық балама (полный эквивалент) – бір мағыналы сөздің мағынасын толық жеткізетін баламайтын тілдегі түпнұсқа тілдің бірегей баламасы;

3) абсолютті балама (абсолютный эквивалент) – аударылатын тілдегі сөз түпнұсқа тілдегі сөзге мағыналық жағынан да, грамматикалық құрылымы жағынан да сәйкес балама;

4) қатыстық балама (относительный эквивалент) – түпнұсқа тілдегі сөздің жалпы мағынасын жеткізетін, бірақ оның стильдік жағынан мағынасын толық ашпайтын балама [14, 18].

Я.И.Рецкер көрсеткен балама түрлері – тұтас мәтінге қатысты анықталған топтар. Алайда көркем мәтінді «тұтастық» ретінде емес, «тілдік бірліктер жүйесі» ретінде қарастырғанда, аударманың басқа да түрлері бар екені сөзсіз. «Абай жолы» дәуірнамасы баламаларын салыстырмалы талдау барысында вербалданған бейвербалды амалдардың аударылу деңгейіне қарай алты тобы анықталды. Олар:

1. *Аударылмаған тілдік бірліктер (лакуналар);*
2. *Сөзбе-сөз аударылған тілдік бірліктер;*
3. *Сәтті аударылған тілдік бірліктер;*
4. *Теңестірілген тілдік бірліктер;*
5. *Еркін түрде аударылған тілдік бірліктер;*
6. *Жартылай аударылған тілдік бірліктер.*

1. *Аударылмаған тілдік бірліктер (лакуналар)* – шығарманың аударма мәтінінде түпнұсқадағы сөз, сөйлем, абзацтардың толықтай аударылмауына байланысты баламаланбаған параэлементтер. Мысалы төмендегі сөйлемдер орыс тіліндегі мәтінде аударылмаған (2-кесте):

2-кесте «Абай жолы» романының аударма мәтініндегі лакуна бейвербалды амалдар

Түпнұсқа мәтін	Аударма мәтін
Бұл Бөжейдің <i>қабағын баққан</i> болатын. Өзі қалай көшерін айқын біле алмай, «соның бір білгені шығар» деген есеппен жалт берді [5, 21]	-
Басының жалтыры да көрініп, Абай еріксіз күлген-ді. Асау тоқтамаған соң, шылбырды беліне орап алған Жұмабай, шалқайып табандап тартып, көше бойының құмын боратып, тағы да рәсуа болған. Бұл тұста Сағитқа қосылып Абайдың да <i>шексілесі қатып еді</i> . Жұмабай көк құнанды зорға тоқтатып алған соң, Абай Сағитты маңайлатпай қуып жіберіп, сол бәледен Жұмабайды да, құнанды да өзі құтқарып шыққан [5, 24]	-

Шығарма мәтініндегі мұндай түсірілген үзіктер аудармашының интенциялы түрде қолданған тәсілі болу керек. Себебі лакуналардың (түсірілген мәтіндердің) ерекшелігі – түпнұсқада ұлттық сипаттағы лексиканың көп қолданылып, ұлттық мазмұнға құрылуы. Екінші мысалдағы «басының жалтыры көріну», «асау», «шылбырды беліне орап алу», «құмын борату», «рәсуа болу», «көк құнан», «маңайлатпау», «бәле», «құнан» секілді құраушы бөліктердің барлығы – мәдени ерекшелікті бейнелейтіндіктен аударуда қиындық тудыратын күрделі құрылымдар. «Шексілесі қату» деген бейвербалды амал да осындай күрделі тілдік бірлік ретінде лакуна құрамында аударылмай қалған.

2. *Сөзбе-сөз аударылған тілдік бірліктер* – түпнұсқа мәтіндегі сөздердің аударма мәтінде мағынасы мен формасы толық сәйкес келетін абсолютті эквиваленті (3-кесте).

3-кесте. «Абай жолы» романының аударма мәтініндегі сөзбе-сөз аударылған бейвербалды амалдар

<i>Қаны қашып, аппақ сұр болған бетін</i> төр жаққа, атасы жаққа бұрып, қадала тындады. <i>Екі көзі жасқа толып, қызарып тұр. Аш бетінде көк тамырлары білінеді</i> [5, 27]	<i>Бледная, повернув бескровное лицо к свекру, она чутко прислушивается. Покрасневшие глаза полны слез. На висках похудевшего лица чуть заметно выступают голубоватые жилки</i> [7, 54]
---	---

Үндемей біраз тұрып, қабағын шытып, қатты күрсінді де, айналып жүріп кетті [5, 26]	Несколько минут мальчик стоял молча, нахмурил брови, потом круто повернулся и пошел, тяжело вздохнув [7, 53]
---	---

«Сөзбе-сөз аударма сәтсіз аударманы тудыруы мүмкін» деген көзқарас бар. Алайда берілген мысал ішкі жай-күйдің сыртқы көрінісін бейнелеуде сөзбе-сөз аударманың ұтымды тәсіл екенін көрсетеді. Екі мәтінді (түпнұсқа және аударма мәтін) оқығанда, бір бейне көз алдымызға келеді. Мұндағы теңдес тілдік бірліктер: *қаны қашып – бескровное; аппақ сұр – бледная; екі көзі жасқа толып – глаза полны слез; қызарып тұр – покрасневшие; аш бетінде – на висках; көк тамырлары білінеді – бьются голубоватые жилки.*

Бұдан шығатын қорытынды, шығарма аудармашысы сөзбе-сөз аудару арқылы образды аударма жасап, түпнұсқаның әрі көркемдік, әрі мағыналық ерекшелігін сақтап қалған.

3. Сәтті аударылған тілдік бірліктер – түпнұсқа мәтіндегі параэлементтің семантикалық, экспрессивтік реңктері толық сақталған және аударма тілде кең тараған қолданыстар арқылы баламаланған бірліктер (4-кесте).

4-кесте. «Абай жолы» романының аударма мәтініндегі сәтті аударылған бейвербалды амалдар

Кодар қиналып, қатуланған соң Жәмпейіс өз естігенін тегіс айтқан жоқ [5, 29]	Увидев потемневшее лицо Кодара, Жампеис понял, что лучше не растравлять его раны и не рассказывать дальше [7, 56]
---	--

Мәтіндегі **қиналып, қатулану** – кейіпкердің ішкі күйін білдіреді. Мұндағы «қатулану» – «қиналудың» сыртқы көрінісі, яғни бейвербалды элемент болып саналады. Орыс тіліндегі нұсқада **потемневшее лицо** деген тұрақты эпитетті қолдану арқылы аудармашы кейіпкердің әрі ішкі психологиялық күйін, әрі соған байланысты бет-жүзінде көрініс тапқан сыртқы өзгерістерді дәл сипаттап отыр. Сол себепті бұл баламаны сәтті аударылған тілдік бірліктердің қатарына енгізуге болады. **Потемневшее лицо** қолданысы – орыс тілінде ауыспалы мәндегі эпитет түрінде көркем әдебиетте кең тараған образды тіркес, сол себепті оқырманға түсінікті әрі түпнұсқаға жақын.

4. Теңестірілген тілдік бірліктер аударма кезінде тілдік бірліктерді мағынасы сәйкес емес, бірақ жуық элементтермен алмастыру арқылы жасалады. Теңестіру тәсілі көбінесе баламаланбайтын ұғымдардың мағынасын жеткізу мақсатында қолданылады. Мұндай баламасыз лексиканың болу себебін А.А.Реформатский: «Аударылмайтын бірліктердің болуы таза тілдік фактіге негізделеді. Атап айтқанда бір тілде бар қолданыс (сөз) екінші тілде болмауы мүмкін», – деп түсіндіреді [15].

5-кесте. «Абай жолы» романының аударма мәтініндегі теңестіріліп аударылған бейвербалды амалдар

Осы кезде Жиренше Абайға ым қақты да, тысқа шығып кетті [5, 23].	Воспользовавшись этим Жиренше подмигнул Абаю и кивнул на дверь юрты [7, 51].
Әрқашан жан күйер жақын қабырына ыстық-ыстық жастар төгеді. Қайта-қайта бас қояды. Үндемей иіндері тиісіп, көздерін алмай, ұзақ-ұзақ отырысады [5, 31].	Приходя на могилу, каждый из них всегда мысленно творил свою собственную молитву: делился своим горем с Кутжаном и тихо упрекал его, зачем он их покинул, и слезы их скатывались на могилу. По многу раз они припадали к ней лицом и, прижавшись друг к другу, молча сидели, не отрывая от нее взгляда [7, 58].

Аударма мәтінде **ым қағу** тіркесі – **подмигнул** және **кивнул** деген екі сөз арқылы баламаланған. Алайда бұл қолданыс **ым қағуды** дәл сипаттай алмайды. **Ым қағу** – адамның басын, нақтырақ айтқанда, иегін жоғары көтеріп, көзбен белгілі бір жаққа нұсқауы. Ал **подмигнуть** амалының қалай орындалатыны орыс тілінің сөздігінде былайша көрсетілген: «Подмигнуть – быстро закрыть и открыть один глаз в знак сигнала, шутки или тайного согласия» [16]. **Кивать** ишарасының сыртқы көрінісі:

1. Качать головой, наклоняя её вперёд, обычно в знак согласия
2. Наклоном головы указывать на что-либо, кого-либо [16].

Соңғы амалдың орындалуы «ым қағу»-ға біраз ұқсағанымен тең дәрежеде деуге келмейді. Мұндағы екі сөзден құралған аударма қазақ тіліндегі бейвербалды амалдың сыртқы көрінісіне сай келмейді, алайда мәнмәтіндегі мағынасы және қызметі жағынан түпнұсқаға жуық. Шығыс мәтіндегі және балама мәтіндегі тілдік бірліктер сыртқа шығуды меңзеп тұр. Осындай аударманың сыртқы формасы жағынан сәйкес келмейтін, алайда мағынасы мен қызметі жағынан дұрыс, жақын түрлері теңестірілген аудармаға жатады.

5. Еркін түрде аударылған тілдік бірліктер – түпнұсқа мәтіндегі параэлементтің аударма мәтінде аудармашы тарапынан әрі мағыналық, әрі формалық жағынан өзгертіліп, кеңейтіліп, түсіндіріле отырып баламалануы (6-кесте).

6-кесте. «Абай жолы» романының аударма мәтіндегі еркін түрде аударылған бейвербалды амалдар

Осының <i>бәрін</i> көп <i>күрсініп отырып айтқан</i> Ұлжан Абайға үлкен ой салды [5, 246].	Улжан <i>говорила об этом вздыхая</i> . Абай мрачно <i>насунил брови</i> и <i>глубоко задумался</i> [7, 414].
Сондықтан, бар тапқаны – ол бала өзі еместей, <i>үндемей сазарып қалды</i> [5, 15].	Абай <i>старался сделать вид, будто все, о чем здесь говорят, не имеет к нему никакого отношения</i> [7, 42].
<i>Үндемей түйіліп, сұп-сұр боп отырған</i> Құнанбай ол сөздерге көп шіміркенген жоқ. Қайта, теріс көргендей <i>мойын бұрып, Абайға қарап</i> : - Одан да, не күтсеңдер де осы жаман қарадан күтсеңдерші! – деді [5, 14].	Но он <i>сидел молча, не выражая никакого удовлетворения</i> от расточаемой лести. Вдруг, как бы наперекор всем, он проговорил, <i>повернувшись в сторону Абая</i> : — Если уж чего-нибудь ждать — так ждите только от этого черномазого мальчугана! [7, 42].

Бірінші мысалда түпнұсқа мәтіндегі *ой салды* деген тіркесті аудармашы орыс тіліне аударғанда жай ғана *глубоко задумался* деп бермей, түпнұсқада жоқ *насунил брови* деген бейвербалды элементпен толықтырған. Бұлай аударуды негізгі мәтіннен ауытқу ретінде емес, керісінше мәнмәтіндегі ойды дәл жеткізуге тырысқан еркін аударма деп бағалуға болады. Еркін аударма жасаудың негізгі себептерінің бірі – екінші тілден дәл баламасын таба алмау немесе сөздің эмоциялық бояуын сақтауға тырысу. Кейде аудармашы негізгі ойды түсінбегенде болжамды түрде еркін аударма жасайды.

Екінші мысалдағы *сазару* ұғымы – тек қазақ халқына ғана тән қолданыс. Аудармашы *сазару* кинемасын *старался сделать вид* деп еркін түрде аударған. Аудармада «жасандылық» басым. Алайда *сазаруға* тән *ренжу, бет бақтырмау, іштей жек көру* сынды экспрессивті реңктер аталған баламаға тән емес. Сол секілді үшінші мысалдағы *сұп-сұр болу* бейвербалды амалы да *не выражая никакого удовлетворения* деген тіркеспен аударылған. Бұл баламада негізгі мәтіндегі *ашулану, ішкі қарсылық және жақтыртпау* секілді негативті сезімдер көрініс таппайды және негізгі мағынаның мүлдем басқа мәнге ауысқанын байқауға болады. Автор болжамды түрде *іштей разы болмау* мәніндегі тілдік бірлікті қолданған.

«Абай жолы» романында адам өңіндегі өзгерістерді бейнелі түрде сипаттайтын *сазару, бозару, көгеру, қызару, сұрлану* сынды бейвербалды элементтерді аудару аудармашылар үшін қиын болғаны байқалады. Көбінесе осындай метафоралы ұғымдарға еркін аударма тәсілін қолданған. Алайда шығармадағы бір тілдік бірліктің экспрессивтік қуаты әлсіреуі (еркін аудармаға тән) бүтін мәтіннің экспрессивті фонының өзгеруіне, солғындауына ықпал етеді. Сол себепті еркін аудармада түпнұсқа мәтін стильдік бояуын жоғалтуы мүмкін.

7. Жартылай аударылған тілдік бірліктер – параэлементтердің аударма мәтінде белгілі бір бөлшегі аударылмауы немесе түсірілуі арқылы баламаланған түрлері (7-кесте).

7-кесте. «Абай жолы» романының аударма мәтіндегі жартылай аударылған бейвербалды амалдар

<i>Еркектер төрге кеп отырған соң</i> , тек Таңшолпан ғана: - Мына шешелерің, жеңгелерің сыбаға әкеп, енді тарағалы отыр, қарағым. Кәрі әжеңнің орны бір басқа. Оныкі өз бетімен барып жатыр! - деп, Зерені де есіне алды [5, 59].	<i>Мужчины сели</i> . Обратиться к Кунабаю осмелилась одна Таншолпан, вторая жена его отца, считавшаяся старшей после Зере: — Сын мой дорогой, твои матери и старшие невестки принесли угощение. Теперь мы собираемся
---	--

	расходиться. А твоей старой матери приношение уже сделано... [7, 85].
— Бүйтпеуші еді. Бұл неғып жүр? Әлде, күзеуінің оты тозды ма екен? - дегенде, Бөжей бұған <i>барлай қарады</i> да, <i>мырс етті</i> [5, 57].	Никогда раньше Кунанбай так не делал... Кормов ему не хватило, что ли? Божей <i>взглянул</i> на него и <i>рассмеялся</i> [7, 60].

Қазақ танымында бекіп, тұрмысында тұрақтанған проксемикалық қолданыстың бірі (кеңістікті бейнелейтін бейвербалды амал) – **төр**. Роман-эпопеяның өн-бойында бұл ұғым *почетное место, переднее место* болып түрліше аударылған, алайда реальный сөз болғандықтан сәтті, толық баламасы табылмаған. Бірінші мысалда *төрге кеп отыру* тіркесіндегі *төр* проксемасы түсіріліп, жай ғана *сели* сөзі қолданылған. Алайда қазаққа тән қоғамдық-әлеуметтік жүйе бойынша **төр** символдық мәнге ие. Бұл мәнмәтінде автор «төр» сөзі арқылы келген еркектердің жай адам емес, сыйлы кісілер екенін білдіріп отыр. Алайда аудармашы толық аудармағандықтан, осындай маңызды ақпарат мәтіннен тыс қалған. Екінші мысалдағы *барлай қарау* кинемасы да *көз тастауды* білдіретін *взглянул* сөзімен аударылған. *Взглянул* – қысқа ғана орындалатын амал. Ал *барлай қарау* керісінше ұзақ, зерттеп қарау, яғни мақсатты түрде орындалатын кинема. *Барлай қарау* арқылы кейіпкер екінші коммуниканттан қандай да бір қосымша ақпарат алуды көздейді. Автор бейвербалды амалдың *қарау* деген екінші бөлігін аударған да (*взглянул*), ал *барлай* деген сипаттамалы компоненті аударылмаған.

Роман-эпопеядағы параэлементтердің аударма мәтіндегі берілу жолдары бейвербалды амалдарды аудару фразеологизм, мақал-мәтел, реалийлер секілді аударма теориясының күрделі мәселелерінің бірі екенін көрсетті. Аудармада ауытқулар, мағынаның толық ашылмауы, мағынаның өзгеруі, көркемдік қуатының солғындауы секілді мәтінге кері әсер ететін факторлармен қатар, аудармашының сәтті балама жасауына негіз болған нақты тәсілдер бар екені анықталды. Екінші тілден түпнұсқаға мағыналас көркем қолданыстарды іздеу және сөздердің мағыналарын үйлестіре отырып сөзбе-сөз баламалау ең ұтымды тәсіл екені байқалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ халқының ұлттық дүниетанымының бір бөлігі саналатын бейвербалды амалдардың тілдегі көрінісін, вербалдану ерекшеліктерін қарастыруда көркем мәтін кеңістігі маңызды орынға ие. Сол себепті мақаланың зерттеу дереккөзі ретінде қазақ халқының жарты ғасырлық тарихын суреттейтін күрделі құрылымды «Абай жолы» романы алынды. Шығармадағы бейвербалды амалдардың ерекшелігі анықталып, кинесикалық, просодикалық, проксемикалық, такесикалық амалдар деп төрт топқа жіктелді.

Романның әлем тілдеріне таралуында орыс тілі дәнекер тіл қызметін атқарып жүр. Мақалада шығарманың орыс тіліндегі аударма сапасын, сол арқылы әлем тілдеріндегі аударма деңгейін бағамдауға талпыныс жасалды. Мақалада коммуникация процесінде айтайын деген ойды жан-жақты, терең жеткізуге, көркем мәтіннің экспрессивтік қуатын арттыруға, кейіпкер бейнесін дәл беруге, автор идеясын жүзеге асыруға ықпал етіп тұрған бейвербалды амалдардың аударма мәтіндегі көрінісі мен аударылу тәсілдері талданды.

Аударма тәжірибесінде параэлементтерді қандай тәсілдер арқылы баламалаған тиімді екені де атап өтілді. Параэлементтердің баламалары алты топқа жіктеліп, сәтті және сәтсіз аудармалар көрсетілді.

Көркем мәтін аудармасы – әлемді мәдени жағынан танудың, адамзат баласының ұжымдық зейінін кеңейтудің құралы, сондықтан көркем аударма мәдениетаралық коммуникацияның ерекше – мәдени-этникалық және көркем-эстетикалық түрі болып табылады. Аударма сапасы мен көркем шығарма құндылығын сақтауда әр ұлттың танымдық ерекшеліктері, тілдік бірліктердің мағыналық және құрылымдық жақтан күрделілігі, аудармашы құзыреттілігі, аударма тәсілдері басты назарға алынуы керек. Аударма процесі аудармашыдан кәсіби, тілдік, мәдени құзыреттілікті, жазушылық шеберлікті талап етеді.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала BR18574183 «Қазақ мәтінін автоматты тану: лингвистикалық модульдер мен IT-шешімдер әзірлемесі» атты бағдарламалық нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі». – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976. – 168 б.
- 2 Айжун У. Көркем әдебиеттегі вербалды емес құралдарды аударудағы кедергілер туралы // Хорижий филология – 2018. №2 – Б. 40.
- 3 Гетьманенко Н. И. Вербалды емес қарым-қатынас құралдары: басқа мәдени ортадағы аударма қиындықтары // Гуманитарлық вектор – 2013. № 2 (34) – Б. 126.
- 4 Момынова Б. Қазақ ым-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2016. – 496 б.
- 5 Әуезов М. Абай жолы. I том. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 377 б.
- 6 Боровикова К.В., Третьякова М.Ф. Көркем мәтіндегі вербалды емес коммуникативті құралдарды аударудың прагматикалық аспектісі // Н. И. Лобачевский атындағы Нижний Новгород университетінің хабаршысы. – 2019. № 2 – Б. 176.
- 7 Ауезов М. Абай жолы. Роман, т.I. – Алма-Ата: «Жазушы», 1977. – 608 б.
- 8 <https://slovariki.org/>
- 9 Амирова Ж. Аудармашы қызметінің кәсіби негіздері: Әдістемелік құрал. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2009. – 144 б.
- 10 Boyd, R.L., & Schwartz, H. A. Natural Language Analysis and the Psychology of Verbal Behavior: The Past, Present, and Future States of the Field // Journal of Language and Social Psychology – 2021. №40(1). 21-41 бб. <https://doi.org/10.1177/0261927X20967028>
- 11 Fernando Poyatos. Nonverbal Communication across Disciplines: Volume 3: Narrative literature, theater, cinema, translation. – John Benjamins Publishing, 2002. – p. 287.
- 12 Badan A.A., Dudnyk T. O. Nonverbal Cues Across Ukrainian and Austrian Cultures: Comparative Analysis // Вчені записки ТНУ імені В. І. Вернадського. Серія: Філологія. Журналістика – 2023. – Т. 34 (73). № 5 – Б. 42.
- 13 Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1975. – 228 б.
- 14 Рецкер Я.И. Аударма теориясы және аударма практикасы. Аударманың лингвистикалық теориясының очерктері. – М.: «Р.Валент», 2007. – 244 б.
- 15 Реформатский А.А. Аударманың лингвистикалық мәселелері // Мектептегі шет тілдері – 1952. №6. – Б. 22.
- 16 <https://sinonim.org/>

Материал 29.01.2024 баспаға түсті

Особенности перевода невербальных средств в романе «Путь Абая»

Б.К. Момынова¹, М.А. Имангазина²

¹Институт языкознания имени А.Байтурсынулы, Алматы, 050063, Республика Казахстан

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, 050038, Республика Казахстан

Роман-эпопея «Путь Абая» – художественное произведение, имеющее высокую лингвистическую и культурную ценность, дающее обширные сведения о быте и истории казахского народа. Роман переведен на многие языки мира и переводческие процессы длились непрерывно. Однако эти переводы сделаны не от оригинального текста произведения (в

данном случае, на казахском языке), а через русскую версию перевода. Спорным вопросом является сохранение в процессе вторичного перевода не только идеи автора в оригинале, но и художественных особенностей текста. Поэтому лингвистический анализ перевода языковых единиц в романе «Путь Абая» остается все еще актуальным.

Невербальные средства коммуникаций – один из языковых единиц в произведении, играющий важную роль в передаче мысли автора и изображении национальной культуры. Перевод паралингвистических средств в произведении напрямую влияет на полное раскрытие содержания произведения, восприятие и оценку читателем. Поэтому в ходе исследования основное внимание было уделено переводу невербальных средств коммуникаций в русскоязычной версии романа.

Было установлено, что жесты были переведены шестью различными способами: неперебиваемые языковые единицы (лакуны), дословно переведенные языковые единицы, успешно переведенные языковые единицы, сбалансированные языковые единицы, свободно переведенные языковые единицы, частично переведенные языковые единицы, и подкреплены примерами. Также был проведен семантический анализ русскоязычных эквивалентов кинем, относящихся к глаголу «смеяться», показаны трудности и семантические отклонения в переводе неязыковых средств.

Ключевые слова: перевод, невербальные средства, роман-эпопея "Путь Абая", русский язык, оригинальный текст, перевод текста, кинема, художественный текст, художественный перевод, межкультурная коммуникация

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Жанпейісов Е. Язык эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая». – Издательство «Наука» Казахской ССР, 1976. – 168 с.
- 2 Айжун У. О препятствиях при переводе невербальных средств в художественной литературе // Хорижий филология – 2018. №2 – С. 40.
- 3 Гетьманенко Н. И. Невербальные средства общения: трудности перевода в иной культурной среде // Гуманитарный вектор – 2013. № 2 (34) – С. 126.
- 4 Момынова Б. Казахские жесты: в культуре речевого этикета и участия. – Алматы: Издательство «Арыс», 2016. – 496 с.
- 5 Әуезов М. Путь Абая. I том. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 377 с.
- 6 Боровикова К.В., Третьякова М.Ф. Прагматический аспект перевода невербальных коммуникативных средств в художественном тексте // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского – 2019. № 2 – С. 176.
- 7 Ауэзов М. Путь Абая. Роман, т.І. – Алма-Ата: «Жазушы», 1977. – 608 с.
- 8 <https://slovariki.org/>
- 9 Амирова Ж. Профессиональные основы деятельности переводчика: методическое пособие. – Алматы: Учебно-методический центр «Тіл», 2009. – 144 с.
- 10 Boyd, R.L., & Schwartz, H. A. Natural Language Analysis and the Psychology of Verbal Behavior: The Past, Present, and Future States of the Field // Journal of Language and Social Psychology – 2021. №40(1). С. 21-41. <https://doi.org/10.1177/0261927X20967028>
- 11 Fernando Poyatos. Nonverbal Communication across Disciplines: Volume 3: Narrative literature, theater, cinema, translation. – John Benjamins Publishing, 2002. – p. 287.
- 12 Badan A.A., Dudnyk T. O. Nonverbal Cues Across Ukrainian and Austrian Cultures: Comparative Analysis // Вчені записки ТНУ імені В. І. Вернадського. Серія: Філологія. Журналістика – 2023. – Т. 34 (73). № 5 – С. 42.
- 13 Айтбаев Ә. Фразеологическое явление в переводе. – Алматы: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1975. – 228 с.
- 14 Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. Очерки лингвистической теории перевода. – М.: «Р.Валент», 2007. – 244 с.

15 Реформатский А.А. Лингвистические вопросы перевода // Иностранные языки в школе – 1952. №6. – С. 22.

16 <https://sinonim.org/>

Материал поступил в редакцию журнала 29.01.2024

Features of the translation of non-verbal means in the novel "The Way of Abai"

В.К. Момынова¹, М.А. Имгазина²

¹Institute of Linguistics named after A.Baitursynuly, Almaty, 050063, Republic of Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050038, Republic of Kazakhstan

The epic novel "The Way of Abai" is a work of fiction with high linguistic and cultural value, giving extensive information about the life and history of the Kazakh people. The novel has been translated into many languages of the world and translation processes have been ongoing. However, these translations are not made from the original text of the work (in this case, from Kazakh), but through the Russian version of the translation. A controversial issue is the preservation in the process of secondary translation not only of the author's idea in the original but also of the artistic features of the text. Therefore, the linguistic analysis of the translation of linguistic units in the novel "The Way of Abai" remains still relevant.

Verbalized nonverbal means of communication are one of the linguistic units in the work, which plays an important role in conveying the author's thoughts and depicting national culture. The translation of paralinguistic means in a work directly affects the full disclosure of the content of the work, perception, and evaluation by the reader. Therefore, in the course of the study, the main attention was paid to the translation of non-verbal means of communication in the Russian-language version of the novel.

It was found that gestures were translated in six different ways: untranslatable language units (lacunae), verbatim translated language units, successfully translated language units, balanced language units, freely translated language units, partially translated language units, and supported by examples. A semantic analysis of the Russian-language equivalents of kinemas related to the verb "laugh" was also carried out, and difficulties and semantic deviations in the translation of non-linguistic means were shown.

Key words: translation, non-verbal means, the epic novel "The Way of Abai", Russian language, original text, text translation, kinema, literary text, literary translation, intercultural communication

REFERENCES

- 1 Zhanpeisov, E. M. Auezovtin «Abai zholy» epopeiasynyn tili» (1976), [The language of the epic "The Way of Abai"], Almaty.
- 2 Ajzhun, U. O prepyatstviyah pri perevode neverbal'nyh sredstv v hudozhestvennoj literature (2018), [On the obstacles in the translation of non-verbal means in fiction] // Horizonty filologii. № 2.
- 3 Get'manenko, N.I. Neverbal'nye sredstva obshcheniya: trudnosti perevoda v inoj kul'turnoj srede (2013), [Non-verbal means of communication: difficulties of translation in a different cultural environment] // Gumanitarnyj vektor. № 2 (34).
- 4 Momynova, B. Qazaq ym-isharattary: soileu etiketi men qatysym madenietinde (2016). [Kazakh gestures: in the culture of speech etiquette and communication], Almaty.
- 5 Əuezov, M. Abai zholy. I tom (1989), [The Way of Abai], Almaty.
- 6 Borovikova, K.V., Tret'yakova M.F. Pragmaticheskij aspekt perevoda neverbal'nyh kommunikativnyh sredstv v hudozhestvennom tekste (2019) [The pragmatic aspect of the translation of non-verbal communication tools in a literary text] // Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. N.I. Lobachevskogo. № 2.
- 7 Aujezov, M. Put' Abaja. Roman, t.I. (1977) [The Way of Abai. Novel. V. 1.], Alma-Ata.

8 <https://slovariki.org/>

9 Amirova, Zh. *Audarmashy qyzmetinin kasibi negizderi: Adistemelik qural* (2009) [Professional foundations of the translator's activity: a methodological manual], Almaty.

10 Boyd, R.L., & Schwartz, H. A. Natural Language Analysis and the Psychology of Verbal Behavior: The Past, Present, and Future States of the Field // *Journal of Language and Social Psychology* – 2021. №40(1). 21-41 bb. <https://doi.org/10.1177/0261927X20967028>

11 Fernando Poyatos. *Nonverbal Communication across Disciplines: Volume 3: Narrative literature, theater, cinema, translation.* – John Benjamins Publishing, 2002.

12 Badan, A.A., Dudnyk, T.O. Nonverbal Cues Across Ukrainian and Austrian Cultures: Comparative Analysis // *Vcheni zapiski TNU imeni V. I. Vernads'kogo. Serija: Filologija. Zhurnalistika*. 2023. – V. 34 (73). № 5.

13 Aitbaev, O. *Audarmadagy frazeologialyq qubylys* (1975) [Phraseological phenomenon in translation], Almaty.

14 Recker Ja.I. *Teoriya perevoda i perevodcheskaja praktika. Ocherki lingvisticheskoy teorii perevoda* (2007) [Translation theory and translation practice. Essays on the linguistic theory of translation], Moscow.

15 Reformatskij A.A. *Lingvisticheskie voprosy perevoda* (1952) [Linguistic translation issues] // *Inostrannye jazyki v shkole*. №6.

16 <https://sinonim.org/>

Received: 29.01.2024

MFTAP 16.31.02

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp135-145](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp135-145)

Г.Ә. Мұратова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010008, Қазақстан Республикасы

АБАЙДЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКА СИПАТЫ

Мақалада Абайдың тілдік тұлғасы негізінде этномәдени лексиканың (киім атауларының) лингвокогнитивтік деңгейі ұлттық таным мен ұлт мәдениеті дерегі ретінде қарастырылады. Абайдың тілдік әлемін бүгінгі лингвистикадағы білім парадигмасының соны бағыттағы ұстанымдарына сәйкес ұлт – тіл – мәдениет бірлігінде саралау зерттеудің теориялық құндылығы болып табылады. Зерттеу нәтижесінде, тілдік тұлғаның поэтикалық жүйесіндегі этномәдени бірліктер талданады. Олар рухани әлеуметтік маңыз иеленген код дәрежесінде берілген. Зерттеу мақаласының әдіснамалық негіздері лингвомәдениеттану, этнолингвистика және көркем мәтін герменевтикасы бағытында қарастырылады. Қазақ ұлттық киім атауларының аударма процесіндегі қиындықтары мен ерекшеліктерін анықтау алдағы зерттеулердің үлесінде.

Кілт сөздер: лингвомәдениеттану, тіл мен этнос, вестиялды лексика, киім атаулары, ұлттық мәдениет, семиотикалық таңба, стилема, герменевтикалық талдау, тілдік бірлік.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Ұлы ақын, қоғам қайраткері, ойшыл Абай – әдебиеттің әлеуметтік мәнін, сөздің қуат-күшін ой-көзімен, сергек санамен сезінген қаламгер. Ол Сөзді (шығармашылық қазына аралын) өзінің тәрбиелік мақсат мұратына бағындырды. Бүгінгі бәсекеге қабілетті қоғам заңдарына Абайдың ой әлемінің мазмұны тікелей сәйкеседі. ХХІ ғасырда филология, оның ішінде тіл білімі ғылымында, заманауи талаптарға сәйкес зерттеудің әдіс-тәсілдері жаңғырып,